

## **Бесқарағай ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 281 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 қазанда № 7639 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 27 қарашадағы № 361 қаулысы

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 27.11.2024 № 361 қаулысымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бесқарағай ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулыға қосымша бойынша бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Бесқарағай ауданы әкімінің орынбасары Б. Ж. Баталовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай ауданының әкімі

**"КЕЛСІЛДІ"**

"Қазақстан Республикасы қаржы  
Министрлігінің мемлекеттік кірістер  
Комитеті Шығыс Қазақстан  
облысы бойынша мемлекеттік  
кірістер Департаментінің  
Бесқарағай ауданы бойынша мемлекеттік  
кірістер басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ш. Байбеков

А. Сағатбеков

2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Бесқарағай аудандық әкімдігінің  
2020 жылғы 6 қазаны № 281  
қаулысына қосымша

### **Бесқарағай ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері**

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Бесқарағай ауылы	1,88
2	Глуховка ауылы	1,5
3	Белокаменка ауылы	1,25
4	Бірлік ауылы	1,15
5	Стеклянка ауылы	1,15
6	Старая крепость ауылы	1,25
7	Жыланды ауылы	1,25
8	Беген ауылы	1,5
9	Беген орман шаруашылығы ауылы	1,25
10	Баскөл ауылы	1,35
11	Бөкебай ауылы	1,45
12	Қарағайлы ауылы	1,53
13	Ерназар ауылы	1,5
14	Қоянбай ауылы	1,47
15	Мороз орман шаруашылығы ауылы	1,1
16	Малая-Владимировка ауылы	1,72
17	Бозтал ауылы	1,43
18	Қарабас ауылы	1,65
19	Лесной ауылы	1,2
20	Өндіріс ауылы	1,5
21	Кривинка ауылы	1,33
22	Жетіжар ауылы	1,35
23	Долон ауылы	1,6

24	Мостик ауылы	1,55
25	Бөдене ауылы	1,55
26	Черемушка ауылы	1,0
27	Канонерка ауылы	1,73
28	Қара-Мырза ауылы	1,45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ